

Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы №4/2

«Зейтін Ақышев атындағы жалпы  
білім беретін орта мектеп» КММ

05.03.2020 жыл

Қатысқандар: 30 адам

1. Толеутаев Дүйсенбек Байронұлы-мектеп директоры.
2. Шомаков Абылайхан Серікбайұлы-мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
3. Абишева Ләззат Танырбергеновна- мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, хатшы.
4. Олжатай Гульмира -кеңес төрайымы
5. Смагулов Толеген Ынтықбаевич-кеңес орынбасары
6. Ермеков Нұрсағат Рахметоллаұлы-кеңес мүшесі
7. Қайрат Ирина Михайловна-кеңес мүшесі
8. Жакупова Самал Кадетовна-кеңес мүшесі
9. Бакенов Тайжан Тұрғынұлы -кеңес мүшесі
10. Сембек Арман Иманғалиұлы-кеңес мүшесі
11. Сарбасов Ардақ Ғабдысаттарұлы -кеңес мүшесі
12. Жаминова Разия Жұмағалиевна –кеңес мүшесі
13. Әр сыныптың ата-аналар комитетінің төрайымдары

**Күн тәртібінде:**

1. Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар.
2. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру
3. Әр түрлі мәселелер

**Тыңдалды: Тәрбие ісінің меңгерушісі Л.Т.Абишева**

1. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» деп философ Әбу Насыр әл Фараби айтқандай, балаларға жан-жақты құқықтық тәрбие беруді жетілдіріп отыру – басты парызымыз. Қазақстанда заң бойынша кәмелетке толмаған жас-өспірімдерге түнгі сағат 22.00-ден кейін компьютерлік клубтарда отыруға және көшеде ата-анасыз жүруге тыйым салынған. Оқушылар каникулға шығып, мектеп сабағы мен үй тапсырмасынан қолдары босағанда, жоғарыда айтылған ережелерді барлығы бірдей сақтай бермейді. Әсіресе, жасөспірімдердің қолымен жасалған қылмыстар мен құқық бұзушылықтар жаз мезгілінде көп тіркеледі. Сол себептен жазғы демалыста ата-аналар тарапынан қатаң қадағалауда болуы тиіс. Биылғы оқу жылында құқықбұзушылық факті тіркелген жоқ.

Баянауыл аудандық кәмелетке толмаған ісі жөніндегі инспектор Болатбек Тлеуқабылұлымен жұмыс жасаудамыз әр ай сайын айына 1 рет оқушылармен кездесулер, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Мектепте «Жас полиция көмекші» клубы жұмыс жасайды. Жасөспірімдер арасындағы қылмыстардың алдын алу үшін бұл клуб елеулі жұмыстар атқарып келеді. Мысалы, мектепте темекі шегу, әлімжеттік сияқты құқықбұзушылықтар болған жағдайда жас полиция көмекшілері, әлеуметтік педагогқа және мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына жедел баяндап отыруы тиіс. Бірақ мұндай жоғары да аталған өрескел құқықбұзушылық болған жоқ. СӨС координаторы мен бірлесіп «Зиянды заттардан аулақ бол!» атты акциялар, апталықтар үнемі өтуде.

Құқықбұзушылықтың алдын алу үшін түрлі шараларды жүзеге асырудамыз.

Мысалы, мереке күндері, демалыстарда рейд жүргізіліп, сауалнамалар, құқықтық айлықтар өтуде.


1-15 қараша айында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша айлық болды. Мектептерге Аудандық ӘББ әдіскерлерімен және Баянауыл аудандық кәмелетке толмаған ісі жөніндегі инспекторымен бірлескен әр түрлі іс шаралар жүргізіліп, оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға көмектесуде. Мектепте ОДН тіркеуінде бала жоқ, мектепшілік бақылауда оқушы жоқ. Ата-аналармен де тығыз байланыста жұмыстар жүргізілуде.

2. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруда мектеп жанында «Алау» жазғы лагері, бейіндік отрядтар, аула клубтары жұмыс жүреді деп жоспарлап отырмыз. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру, жаздағы қауіпсіздік ережелері таныстырылуда. «Алау» жазғы лагерінде 2 мезгіл ыстық тамақ берілетін болады. Бұл жазғы сауықтандыру лагерінде ата-ана қамқорынсыз қалған, азқамтамасыз етілген, көп балалы отбасынан шыққан балалар тіркеледі. Бұл тізім бойынша қамқоршылық кеңес мүшелерімен ата-аналар комитетімен арнайы комиссия құрылып тізім бекітілетін болады.


**Қамқоршылық кеңес отырысының шешімі:**

1. Құқықбұзушылықты болдырмау үшін жұмыстар күшейтілсін.
2. Оқушылардың жазғы демалысы ұйымдастыру жұмыстары басталсын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

 Г.О. Олжатай

Хатшы:

 Л.Т.Абишева